

# Ер есімі - ел есінде

Ұлағатты ұстаз, майдангер Кәләм Байназаров жайлы



Кәләм Байназаров

Әкесінен бес жасында жетім қалған жас сәбиді әкесінің ағасы Ғабдолаһ (Қабдеш) қолына алып, қамқорлық жасайды. Атамыз 1927-1929 жылдары Боровской орта мектебінде, 1929-1931 жылдары Қостанай қазақ педагогикалық техникумында оқиды. Тұрмыс жағдайына байланысты оқуын аяқтай алмай, алған білімін еңбекпен ұштастырады. Ол 1931-1933 жылдары Ұзынкөл ауданының Балықты ауылдық кеңесінде хатшы болады. Кәләм Байназарұлы алғашқы ұстаздық жолын Алғабас ауылында бастауыш мектепке бастаған. Кейін Бірлестік, Көктерек, қазақ орта мектептерінде істейді. 1939 жылы 1 тамызда аудандық оқу бөлімі Боровскойдағы қазақ орта мектебіне ауыстырады.

1940 жылы ВКП(б) мүшелігіне қабылданады. 1942

жылы 3-ші шілдесінде Кеңес әскерінің қатарына шақырылады. Орал әскери округінің запастағы атқыштар бөлімінде штабта писарь, 1943-1944 жылдары Ф.Энгельс атындағы Ленинград Қызыл тулы әскери – саяси училищесін бітіріп шыққаннан кейін атқыштар батальонында саяси жетекші парторг, кейін 1-Прибалтика және Ленинград майданында тікелей шебінде болған. Соғыс кезінде көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін «Германияны жеңген үшін» медальмен марапатталған. 1946 жылы капитан шенінде оралып, бұрынғы қызметіне келіп, оқу бөлімінің меңгерушісі болып жұмысын жалғастырады.

Педучилище түлектерінің

қатарында атақты тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаев, Серік Қажығалиұлы, Сапарғали Омарбекұлы, Оразақ Смағұл, Сейтхан Темірбаев, Есет Мұсағұлов, Нина Полтавец, Сейтбек Нұрханұлы, Қасымхан Әубәкірұлы сынды мақтан етерлік тұлғалар тәлім алған. Атақты академик, тарих ғылымының докторы, профессор Манаш Қозыбаев мынандай ой түйеді: «Біздің ордамыздың (педучилишенің) құты, пірі Кәләм Байназаров еді. Шын мәнінде ұлы педагог, білімді, талантты, оқу ісін ұйымдастырудың ғажап шебері болатын. Қазіргі заманның Ыбырайы деуге лайық. Кейде түске асқа да бармай, әскери котолегіне күйдырып, асын үкен қызы Күлашқа оқу орнына алдырып ішуші еді» - деп еске алады.

Кәләм Байназарұлы ғұмырын саналы ұрпақ тәрбиелеу-

ге арнады. Педучилищеде 35 жыл оқу ісінің меңгерушісі, ал жалпы білім саласына 45 жылын арнады. 1967 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі», 1977 жылы «Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер», «Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі» атақтарына ие болды. 2008 жылы Боровской ауылын бір көшесіне Кәләм Байназарұлының есімі берілді.

«Өткенсіз – келешек жоқ» дейді халық даналығы. Қазақ жерінде бүгінгідей бейбіт таң шапағының атуына ұйытқы болып, болашақ ұрпақтың алаңсыз ғұмыр кешуі жолында аянбай тер төккен ердің есімі халқымен мәңгі бірге жасаспақ.

Дайындаған  
Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА

Мен өзімнің мақаламды аудандық кітапханаға барудан бастадым. Ол жерде мен аудан орталығының аты көздің жауын алар орманына байланысты қойылғанын білдім. Алғаш Қарағайлы ауылы одан Семеновка, кейін 1887 жылы халық аузында Боровое деген атпен тарап, 1940 жылы Боровское деп ресми түрде бекітілген екен.

Аудан орталығында ұзын сонар көшелеріміз жетерлік. Солардың бірі Кәләм Байназарұлы атындағы көше. Көшеге аты берілген Кәләм Байназарұлы кім болған, қай жердікі, қандай еңбек сіңірген деген сұрақтарға жауапты оның өмірбаянынан іздедім.

Туған жеріне адал қызмет етуді мақсат тұтқан азаматтар қатары баршылық. Өткен ғасырдың орта шенінде елдің дамуына елеулі қызмет етіп,

соғыс жылдары қиындық қияметін татқан тұлғалар легі де аз емес. Ел келешегінің кемелденуіне барынша тер төгіп, көпшілік ықыласына бөленгендердің мұндай жанкештілігі – абыройлы іс.

Кәләм Байназарұлы 1914 жылы 3 желтоқсанда осы Меңдіқара ауданына қарасты Теңіз ауылында дүниеге келген.